

2011 жылға арналған ауылшаруашылық дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін және субсидия алушылар тізіміне енгізуге өтінімдерді ұсынудың мерзімдерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 156 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 2 маусымда № 9-17-119 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес және 2011 жылғы 11 сәуірдегі № 7-917 Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсыныстарына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидия алушылардың тізіміне қосуға тапсырыс ұсыну мерзімі осы қаулы қолданысқа енгізілген сәтінен бастап және 2011 жылғы 5 маусымға дейін белгіленсін.

2. 2011 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша себудің оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Ғабдулин

КЕЛІСІЛДІ:

"Сарыкөл ауданы әкімдігінің
ауыл шаруашылық және
ветеринария бөлімі"
М М б а с т ы ғ ы

_____ М. Төлемісов

Ә к і м д і к т і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 5

м а м ы р д а ғ ы

№ 156 қаулысына қосымша

2011 жылға арналған субсидияланатын басымды ауыл шаруашылық дақылдарының түрлері бойынша себудің оңтайлы мерзімдері

№	Ауыл дақылдарының атауы	шаруашылық	Себу мерзімі

1	Жазғы егіс және егіс бұршақты дақылдар	15 мамырдан дейін	5 маусымға
2	Күздік дәнді дақылдары	15 тамыздан дейін	1 қыркүйекке
3	Май дақылдары	18 мамырдан дейін	30 мамырға
4	Картоп	10 мамырдан дейін	31 мамырға
5	Көкөніс және бақша дақылдары	25 сәуірден дейін	10 маусымға
6	Жемшөптік (өткен жылдарындағы көпжылдық шөптерден басқа)	30 сәуірден дейін	15 шілдеге
7	Бірінші, екінші және үшінші өсіру бұршақтұқымдас шөптер және үшінші жылдарындағы көпжылдық	20 сәуірден дейін	31 мамырға
8	Жүгері, сүрлемдік күнбағыс	15 мамырдан дейін	31 мамырға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК